

# Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті  
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 29 (881) 1 шілде 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha\_tan@list.ru

## ДОМБЫРА – ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЗЫНАСЫ

Тұңғыш Президент шешімімен шілденің бірінші жексенбісі Ұлттық домбыра күні болып жарияланған болатын. Жыл сайын атап өтілмек бұл мерекелік күннің ұлттық руханиятымызға қосар үлесі салмақты болмақ.



Домбыра – қазақтың киесі, қасиеті, қазынасы. Қазақ пен домбыра егіз ұғым ғой! Күні кешеге дейін әр үйдің төрінде ілулі тұратын ұлттық аспабымыздың күмбірлеген үні бүгінде алыстап бара жатқандай еді. Телеарналардан домбыраның дауысын есту мұңға айналғаны былай тұрсын (оның орнын салмақсыз бағдарламалардың жаулап алғаны шындық), шілдехана, бесік тойы, тұсаукесер, тілашар, беташарларымыз даңғырлаған эстрада әуеніне байланбады ма? Домбырамен әуелете шырқалып, тиесілі сыйлық иесін табатын «Тойбастар» дәстүрінің түр-сипаты мүлде өзгергеніне бәріміз куәміз. Құрметті қонақ келгенде «ауылдың алты ауызы» айтылып, «қонаққадемен» жалғаса әнмен өрілетін отырыстар көзден бұл-бұл ұшқалы қашан?! Арасында үлкендердің әдемі өңгімелері тыңдалатын. Қазір ше? Ішіп-жеп болған соң, бас салып би билеуге көшеді. Жас та, жасамыс та секеңдеп, ио-кию музыка, қызық деген осы деп түсінетін болдық. Ілгерідегі құдаларды әудем жерден арнау айтып қарсы алып, күмбір-күмбір күй тартып, шығарып салар кез қайда, шіркін?! Домбырада айтылатын әр әннің сөзі қандай, сазы қандай?! Тыңдап отырғаныңда бір күрсінтіп, бір мұңайтып, мың түрлі әсерге бөлейтіні бар. Оның құдіретті үнін естігеніңе шүкірлік етесің. Домбыраның иесі қазақ болып туылғаныңа тәубе дейсің, басқа емес. Домбыра күнінің белгіленуі жайдан-жай емес. Бұл рухани жаңғыру бағытындағы ең сүбелі тірліктің бірі болмақ. Осы күннің аясында ұлттық аспабымызды ұлықтау мақсатында тың бастамалар бой көтеріп, көптен бері қолдау таппай жүрген игі дүниелер қайта жаңғыруы ғажап емес. Көп нәрседен үміттіміз. Көк сандықтан домбыра үнімен астастырылған салмақты дүниелердің көптеп жарық көруін жанымыз қалайды. Ең дұрысы, науқаншылықтан ада, әсіреқызыл тез оңарлық тірлік емес, өзінің қоңыр үні мен қоңыр болмысына сай, ұлтымыздың жадын қайта бір жаңғыртатындай күн болса екен дейміз. «Жаздықун шілде болғанда...» деп Абай атамыз айтқандай, «көкөрай шалғын, бәйшешек, ұзарып, өсіп, толғанда» бүкіл қазақ даласы күмбір-күмбір күй төкпей, көктегі күн нұр төкпей, домбырасын қолға алғай, әуелете ән салғай... «Дариға, домбырамды берші маған, Жаныма келші жарым, келші балам...» деп Мұқағалиша толғайық, «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра!» деп Қадырша қайырайық! Ұлы ұлттың баласы, ұлықта Домбыраңды!

Зеберкүл Шардарбекова,  
журналист.

Домбыра, мұнша шешен болдың неге,  
Күй толған көкірегің шежіре ме?  
Сыр қозғап ғасырлардан жөнелесің,  
Саусағым тиіп кетсе ішегіңе.

Аққудың әуеніндей үнің бар –ау,  
Сарарқа самалындай ескен баяу.  
Бөбектей бесігіңде маужыраған  
Тыңдаймын мен отырып ұйқылы –оюу.

Салқын кеш ашып тастап терезені,  
Қолға алсаң қоңыр сазды домбыраны.  
Қырандай қалықтатып қиял сені,  
Асқар ой шыңына бір қондырады.

Жарқ етіп ашылды жұмбақ жанан,  
Әлемі ақындар мен күйшілердің.  
Үн- тілсіз отырарсың болып аң-таң,  
Құпия сырын аңдап көк пен жердің.

Қоңыр саз домбырадан еске баяу  
Тербетіп, көтереді сені ақырын.  
Оянып, көкірегіңе келед таяу  
Белгісіз әлде қайда жатқан жырын.

Сол мезет жайып тастап жаныңды алға,  
Келер жыр жолын тосып отыра қал.  
Тізіліп көз алдында жыр туғанда,  
Құлшынып тағы қайта домбыраны ал.

Қасым Аманжолов.

## ЖАСА, ЖАЙНА – БАС ҚАЛА!



### ҚҰРМЕТТІ СОЛТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР!

Сіздерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекесі – Астана күнімен құттықтаймын!

Қазіргі Қазақстан-әлемдік қоғамдастықтың толыққанды мүшесі, экономикасы өсіп келе жатқан, халқы біртұтас және жоспары үлкен ел. Тәуелсіздіктің қысқа кезеңінде республика түрлі салаларда ауқымды реформаларды табысты жүзеге асыратын қазіргі заманғы, бәсекеге қабілетті мемлекетке айналды.

Еліміздің жетістіктері бас қала – Нұр-Сұлтанның жетістіктерімен тығыз байланысты екені сөзсіз. Бүгінгі таңда біздің Отанымыздың астанасы-бұл жаңа Қазақстанның бейнесі, қайталанбас келбеті мен сәулеттік стилі бар қарқынды дамып келе жатқан қала. Нұр-Сұлтан-ел жүрегі, Еуразия жүрегі, Тәуелсіздік пен жоғары ұмтылыстардың символы.

1999 жылы Астана ЮНЕСКО шешімімен Бірінші әлем қаласы атағын алды. 2000 жылдан ба-

стап Қазақстанның бас қаласы Астаналар мен ірі қалалардың халықаралық ассамблеясының мүшесі болып табылады. Біздің елордамызды мәдениеттер орталығы деп те атайды, өйткені ғасырлар бойы қазақ жеріне түрлі ұлт өкілдері ағылып келген, сондықтан бүгінгі күні Достық этносаралық қатынастарды сақтау мен дамыту ерекше маңызды.

Елорда тағдыры – әрбір қазақстандықтың тағдыры. Біздің жас Астанамыз күн сайын гүлденіп, көркейіп, өткен болашақтың үйлесімін біріктіріп, әрбір қазақстандықты жетістіктерге шабыттандыруды жалғастыра отырып, қарқынды өсудің үлгісі бола берсін.

#### ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Осы жарқын мереке күні Сіздерге зор денсаулық, бақыт және амандық, табыс, ашық аспан, әр отбасына және жақындарыңызға береке-бірлік, елімізге бейбітшілік тілеймін!

Құмар АҚСАҚАЛОВ,  
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

### АСТАНА КҮНІ – МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕ

Еліміздің символына айналған әсем мұнара Бәйтерек тұрғындарға сүйеніш, қорған, пана болып тұрғандай. Гүлденген Астанамыз – тәуелсіз еліміздің мақтанышы. 1998 жылы 6 мамырда еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев Ақмола қаласын Астана деп атауға Жарлық шығарды.

Сол кезден бастап, Астана құлпырып өсе бастады. Әрі осында әлемдік көлемдегі алқалы жиындар өтіп жүр. Оларда адамзаттың түйткілді мәселелері сөз болады. Астана дегенде Тұңғыш Президент – Н.Ә. Назарбаевты айтпай кете алмаймыз. Қаланы қалыптастыруда сол кездегі мемлекет басшысының рөлі өте зор. Шағардың тез арада тамсанарлықтай бой көтеруі – Тұңғыш Президенттің жанашырлығының арқасында болды. Астанада ЕХРО 2017 халықаралық көрмесі өтіп, біздің елімізді бүкіл әлемге паш етті. Сәулетті Астанада болашаққа бағдар берер Ұлттық академиялық кітапхана, Қазақстан орталық концерт залы, «Астана опера», мемлекеттік опера және балет театры, Қазақстан Республикасының ұлттық мұражайы сынды және тағы да басқа көптеген мәдени ошақтар пайда болды. Бүгінде аталған нысандар Астананың мәдени

орталыққа айналуына бірден-бір себепкер болғанын көпшілік көріп, біліп отыр.

Оған менің де көзім жетті, Астананы аралап жүріп, зәулім ғимараттарды көріп ерекше сезімге бөленесің. Жаңа Астанада бой көтеріп жатқан көп қабатты үйлер жаңаша сәнімен, ерекше көрікпен салынған. Қаланың әсемдігіне қарап көзің тоймайды, Бәйтерек, Ханшатыр, Пирамида, музейлер Астананың көркі, шетелдердегі қалалар секілді. Халқымыздың ертегі-дастандарынан алынған ертегі кейіпкерлерінің мүсіндері көз тартады. Қызыл-жасылды гүлдер, жан-жағынан салқын леп таратып тұрған түрлі-түсті фонтандар, шынымен де тамаша! Бұл күнде Астананы дүниежүзі біледі десек, ол шындық! Отанымызды бәсекеге қабілетті елу елдің қатарынан көру үшін мен де өскенде өз еңбек үлесімді қосқым келеді. Ол үшін жан-жақты білім мен тәрбие алып, келекеште халқыма пайдам тиетін бір мамандық иесі болуға тырысамын. Ел жүрегі – Астана, мен сені жақсы көремін

Аделя САПАРОВА,

Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің студенті.

• Көпшілік Назарына!

## ТАЛАП БАРШАҒА ОРТАҚ БОЛУЫ КЕРЕК

Соңғы жылдары сұлулық салондары мен шаштараз, косметолог сияқты қызметтерге сұраныс артқан. Осыған орай біздің өңірімізде де бұл бизнес жақсы дамуда. Қазіргі таңда бұл қызмет түрі 2012 жылғы 1 шілдеде қолданысқа енгізілген «Шаштараз қызметтері. Жалпы техникалық талаптар мен бақылау әдістері» заңнамалық құжатына сәйкес жүзеге асырылады. Бетін әрлеймін деп денсаулығына зиян келтіріп, сан соғып қалатындар да жоқ емес. Сондай-ақ, шаштараз қызметі «Әлеуметтік-мәдени мақсаттағы нысандарға және парфюмерлік-косметикалық өнімдер мен ауыз қуысы гигиенасының құралдарын өндіруге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға» сәйкес жүргізілуі тиіс. Бұған қоса коммуналдық мақсаттағы нысандарға қойылатын арнайы санитарлық-эпидемиологиялық талаптар бар. Косметикалық, педикюр, маникюр, массаж, солярий, пирсинг, татуаж сияқты қызметтер жеке мекемелерде немесе арнайы қоршаулармен оқшауланған орындарда көрсетіледі. Келушілердің денсаулығына нұқсан келтірмес үшін орын мен құрал-жабдықтарды таза ұстаудың маңызы зор.

Аталған қызметті көрсетуші шебердің арнайы кәсіптік білімі және біліктілік талаптарына сәйкес сертификаты болғаны жөн. Қазіргі таңда «Сұлулық құрбандықты талап етеді» деген қағиданы ұстанған, әсіресе, жас қыздар түрлі косметологиялық сән үлгілерін жасауға құмар. Олардың терісіне қандай да бір материал жақпай қалуы мүмкін. Мұндай келеңсіздіктер орын алса, шебер алғашқы медициналық көмек көрсетуге дайын болғаны жөн. Сондықтан жұмыс үстелінде міндетті түрде медициналық қобдিশа тұруы қажет. Қолданылу мерзімі асып кеткен материалдарды пайдалану денсаулыққа қауіп төндіреді.

Шашты, қас пен кірпікті бояу сияқты үрдістерді бастамас бұрын алдымен міндетті түрде-тұтынушы терісінің қолданылатын материалдарға сезімталдығын тексеріп алған жөн. Қолданатын құрал-жабдықтар ел аумағында пайдалануға рұқсат етілген аптисептикалық заттармен дезинфекциялануы тиіс. Тырнақты, шашты әрлеуге арналған заттар әр тұтынушыдан кейін міндетті түрде тазартылып отыруы керек. Ал тарақ, қайшы, щеткалар зарарсыздандырылады. Қарапайым ұстараны бір реттен артық қолдануға тыйым салынады. Ал электр ұстарасының алмағы-салмағы қайшыларын араға 15 минут салып екі рет 70 пайыздық этил спиртімен сүрту керек. Тазарту қиын және инфекция жеңіл таралатын губка сияқты заттарды шебер тек бір рет ғана қолданады. Косметикалық заттар кисточка, спонж секілді бірреттік құралдармен жағылады.

Тұтынушыларға қызмет көрсету барысында қолданылатын төсеніш үнемі санитарлық тазалаудан өтіп немесе бір рет ғана қолданылуы тиіс.

Сән салондарына деген сұраныстың артуы – елдің әлеуметтік жағдайының біршама жақсарғанын білдірсе керек. Қазір бұрынғыдай емес, шаш сәндеп, бет әрлеп беретін арнайы орындар көп.. Әрине, бар болғаны жақсы, бірақ сол қызмет көрсету орталықтарындағы тазалық талап үдесінен шыға ма? Мәселе осында! Кейбір сән салондарын көз алдыңызға елестетіп көріңізші, аядай бөлмеде адамдар бірінен соң бірі келіп, бас жуғызып, қас жұлдырып, тырнақ сүйірлеп, бет боятып жатады. Негізі талап бойынша, мұның бәрі жарық жақсы түсетін кең де жылы бөлмеде, өте сақтықпен атқарылуы тиіс. Өйткені, көпшіліктің арасында әртүрлі адам болғандықтан, мұнда келгендер де ойламаған жерден ауру жұқтырып шығуы мүмкін екенін жоққа шығаруға болмайды. Мамандардың айтуынша, мұндай орындар аса қауіпті саналатын аурулардың ошағы болып табылады. Өйткені, көбіне маникюр жасайтын құрал-саймандар дезинфекцияланбайды. Көзіңше спиртпен сүрткенсіңдер немесе суға шая салатындар бар. Спиртпен бір сүрткеннен АИТВ жұқпасының немесе өзге де жұқпалы аурулардың қоздырғышы жойылуы мүмкін емес. «Бұған тек салон қызметкерлері ғана емес, тиісті құжаттарды талап етпейтін тұтынушылардың өздері де кінәлі. Сондықтан салон қызметіне жүгінбес бұрын олардан тиісті құжаттарды талап етіңіз» дейді. Санитарлық ережелерге сәйкес, сұлулық салондарының мамандары міндетті түрде жылына бір рет вирустық В және С гепатитіне тексеруден өтуі тиіс. Бірақ, оған да мән беріп жатқан ешкім жоқ. Мәселен, сіз баратын салонда шеберлердің медициналық кітапшасы бар ма, сіз оны сұрадыңыз ба? Жұмыс беруші, Сіз ше, жұмыс сұрап келген шеберден медициналық кітапша талап еттіңіз бе? Сондықтан денсаулық керек пе, зардап тартқыңыз келмей ме, салондардан тиісті құжат талап етіңіз, құрметті тұтыншы!

Техникалық реттеу және метрология комитетінің СҚО бойынша департаменті.

• Ешкім де, ешқашан да ұмытылмайды!

## САРҒАЙҒАН СОЛДАТ ХАТТАРЫ...

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 77 жыл. Бұл соғыстың қасіреті аз айтылған жоқ. Кітап болып жазылды, кино болып түсірілді, тарих болып хатталды. Елге аман-есен келген жауынгердің сыр сұхбаты болып та баяндалды. Кейінгі буын «ешкім де, ешқашан да ұмытылмайды» ұстанымын атадан балаға өсиет қылып насихаттап та келеді. Жауынгер хаттары солдаттың елге деген сағынышы ғана емес, майдан өмірі, окоп шындығы.

Дала почтасынан жолданған бұл хаттардың көбі бүгінгі күнге жеткен жоқ. Алайда, елім деп еңіреген ерлердің үшбұрышты үшбу сәлем хаттарын еміренген елі, асыл аналар көздің қарашығындай сақтап, ұрпағына рухани мұра қылып жеткізе алған екен.

Кеңес Одағының Батыры Мәншүк (Мәнсия) Жиенғалиқызы Мәметованың Орал қаласындағы музейінде қаһарман қазақ қызының алты хаты сақтаулы. Оның біреуі 1938 жылы латын графикасында жазылған хат болса, бесеуі орыс тілінде майдан даласынан жазылған хаттар. Мәншүк Мәметованың хаттарына да адресатпен амандық сұрасу, ақпарат бөлісу, бірінші жақтан баяндалатын көңіл-күй реңктері сынды эпистолярлық стиль ерекшеліктері тән. Ал хат мәтініндегі жеке сөйлемдер жазушының дүниетанымы мен заман шындығын көрсетеді. «Дорогая апа» деп басталатын бірінші хатында анасын бірінші мамыр мерекесімен құттықтап, Қызыл әскер қатарында Отанын жаудан қорғауда алғы шепте жүргендігін мақтан ететін тұстан кейінгі: «Выполняя приказ Сталина, не отступать ни на шаг назад. И я лично оправдаю доверие партии, храня в груди кандидатскую карточку» деген екі сөйлем назар аудартыды.

Екінші дүниежүзілік соғыста адам шығыны жағынан кеңес елі бұрын соңғы соғыс тарихында болмаған көрсеткіш көрсетті. Мұның барлығы «қарыс қадам шегінуге болмайды» деген Сталиннің бұйрығының салдары екендігін соғыс зардабын зерттеуші ғалымдар дәлелдеді. Шегіне ұрысып адам шығынын мейлінше аз болуын қарастырудан көрі, қауқарсыз қарумен қарыс қадам шегінбеу стратегиясы адам өлімін еселей түсті. Адам шығынының көп болуына және бір себеп Мәншүктің хатынан алынған үзіндідегі екінші сөйлемде жатыр. Коммунистік партия қатарындағы және оған кандидат жауынгерлер кеңестік идеология жүргізген саясаттың салқынымен «я лично оправдаю доверие партии» деп қарыс қадам шегінбей және өзгені де осыған үгіттеді. Бұл соғыс өрті шарпып тұрған ұрыс даласында басын бәйгеге тігіп, жауына қасқайып қарсы тұрған қазақ қызының қапылыста жазылған бас-аяғы жүз сөзге жетпейтін хат мәтініндегі заман шындығы.

Мәншүктің 20.05.1943 ж. хаты көңіл күй реңкіне толы. Елге деген сағынышы, елден келген хаттың жанына шуақ құятыны: «Апатай, я очень соскучилась о Вас... Когда получаю от Вас письмо, оно мне дает больше энергии в дальнейшей моей жизни...» деген тебіренісінен анық сезіледі. Осы хаттағы: «Я всегда буду жива, здорова и меня никакая немецкая пуля не возьмет, только лишь Вы пишете письма почаще» сөйлемі бір

Мәншүктің аузымен айтылғанымен елден келген үшбу хат жауымен бетпе-бет келіп алысып жатқан мыңдаған жауынгерге қаншалықты қуат беретінін боямасыз көрсетіп беруімен де құнды. Мәншүктің 7.08.1943 ж. жазылған үшінші хаты деректердің нақтылығымен, қоршаған орта суретінің дәлдігімен, ахуалдың ашық айтылуымен құнды. Дерек нақтылығын: «Наша сотая бригада, которая формировалась в Алма-Ата сейчас находится в Калининской области, недалеко от Великих – Лук. Пока ст. от передовой находится 10-12 километров» сөйлемдері аңғартса, соғыс жылдарындағы қоршаған орта суретінің дәлдігі: «...а если есть деревня, то разрушена, населения не живут. Живем рытой из земли в землянке» жолдарында жатыр. Ал: «Сейчас в нашей бригаде казахов мало, так как были в двух боях... Но моя судьба в боях шаткое, иначе говоря, трудно сказать, что буду цела. Абкешай, конечно я Вам пишу откровенно, только не огорчайтесь и не думайте ни о чем. Если погибну то за Родину, за отца и за Вас» сөйлемдерінде ахуал бүкпесіз баяндалады.

Соңғы сөйлемдегі «...за отца и за Вас» сөз саптауы кім үшін және не үшін қолына қару алғанынан сыр аңғартады. Мәншүк майданға шақырылып емес, сұранып барғандар қатарынан. Себеп, кеңес үкіметі ел ішінен жау іздеп, өз халқын өзі жазықсыз қырған тұста Мәншүктің де әкесі ызғарлы жылдардың құрбаны болып кете барды. Отағасын опат еткен үкімет өздерін халық жауының отбасы деп қарады. Соғыс басталған сындарлы сәтте «халық жауының отбасы» отан алдындағы кінәларын қолына қару алып, майдан даласындағы ұрысқа қатысу арқылы өтей алады деген жымсықы үндеу таратты. Сондай-ақ, халық жауы болып ұсталғандардың үштіктің қаулысымен атылып кеткендігін жасырып, ел арасына ұрпақтары соғысқа қатысса тұтқындалғандарды ақтайды деген де сыбыс шығарды. Қаршадай қазақ қызының: «Если погибну то за Родину, за отца и за Вас» деуі, міне осыдан. Мәншүктің төртінші хаты адресаттың ортасы, оның жан дүниесіне әсер еткен детальдардың нақты әрі мерзім дәлдігі көрсетілуімен құнды. Мұны Мәншүктің: «Дорогая мамочка! Долгожданное письмо и письмо получила в тот же день и в тот же час, когда мы тронулись на передовую. Это было 10.IX.1943 г. В этот день в 7 часов должны были двинуться вперед, а мне сказали только в 6 часов, что приехал этот капитан, но я все - таки сумела дойти к нему и взять, но поговорить не пришлось, что я до сих пор жалею. Была очень рада, хотя только мне досталось одно яблоко, так как наши бойцы и командиры встретили меня также, как и я, ожидали маленький подарок. Мамочка уже второй год, как мы не видим фруктов и вообще что-нибудь домашнее» дейтін хатынан оқи аламыз.

Бұл да Мәншүктің хаты арқылы жеткен сұрапыл соғыстың жазылмаған шындығы. Сыз топырақ окопта түнеп жүрген жауынгерге бейбіт өмірдегідей тәбетін шапқаннан дәм татуға майдан мұрша берген бе. Сондай-ақ, хаттағы «мне досталось одно яблоко» үзіндісі елден жеткен сәлемдемені қаруластарымен теңдей бөлісіп, қолында жалғыз түйір алма

ұстап тұрған Мәншүк қыздың мырза бейнесін мәңгілікке қалдырған авторлық жолдар емес пе. Осы хаттағы Мәншүктің көрген түсі баяндалатын: «Дорогая Абкешай, сегодня днем легла отдохнуть, целую ночь не пришлось спать, парочку уснула, сразу мне приснился такой сон. Приехал папа, но с ним не разговариваю, он как будто служит в армии и вдруг слышу, приехала делегация из Алма-Ата и открываю дверь, слышу Ваш голос, подхожу к Вам и обнимаю, целую и говорю, неужели я вас вижу. Что-то никогда не думала встретить вас и будто целую и потом как будто это в настоящем. Начиная рассказывать, как мы живем, рассказала встречу с отцом, потом спросила, как пришел сюда, а вы отвечаете, что вам повезло попасть с этой делегацией и вдруг будят меня на обед и вся эта сладкая минута оказался сном» деген үзінді жазушының (хат иесі) жан дүниесінің хабаршысы сынды. Мәншүктің ерекше алабұртқан көңіл күйін көрсететін «...мне приснился такой сон. Приехал папа...» сөздері өңінде жоғалтқан әкесін түсінде тапқан Мәншүк қыздың көңіл шуағының қоңырауы десе болғандай. Түсінде әкесінің әскери адам болып көрнуі, елден әскери делегация келуі хат иесі сана сезімінің соғыс жағдайындағы жаңғырығының көрінісі деп қабылдаған дұрыс. Мәншүктің бесінші хаты қысқа бас-аяғы жеті-сегіз сөйлем. Хат мәтінінен батырлар жырындағы «аспанды бұлт торлайды» психологиялық параллелизм көңіл күйін аңғаруға болады. Шабынған ажалды көзімен көріп, көңілмен қорытқан Мәншүк анасына: «Дорогая мама! ... а сейчас я нахожусь в передовой, сумею ли еще раз написать письмо не знаю... Теперь ждите письмо после боя. Хош, крепко целую Вас, дочка Манчук» деп хатын аяқтаған екен. Бұл Мәншүктің 11.10.1943 ж. елге жазған соңғы хаты болатын.

Соғыс жылдары жазылған хаттар зерделеп қараған жанға есен-амандық қана емес, өмір шындығын бүкпесіз көрсететін тарихи құжат. Бір ғана Мәншүктің хаттары мезгілсіз қиылған миллион тағдырдың арманы мен аманатын, ызғарлы жылдардың саясаты мен салқынын тануға септігін тигізетіндей. Бұдан бес жыл бұрын Мәншүктің хаттарын жариялаудан кейін Жайық жұртынан жиналған жауынгер хаттарының негізінде «Сарғайған солдат хаттары» атты кітапты бірнеше том етіп шығаруды жоспарлап отырмыз. Кітаптың ерекшелігі жауынгерлердің өз қолымен жазған хаттары сол күйінде сканерленіп берілді. Бұл оқырманға көне жәдігерді көзбен көруге мүмкіндік туғызуымен қатар, түпнұсқаның редакцияланбай теріліп басылғанына көзін жеткізеді.

Ардақты ағайын, сарғайған солдат хаттары біржола тозығы жетіп жойылып кетпей тұрған кезде жинақталып, көп томдық кітап болып жарық көруі тиіс. Хаттарды сканерлеп, байланыс телефонымен мына электронды почтаға татугов.69@mail.ru, 8777-704-59-57 жолдасаңыз қазақ руханиятына өз үлесіңізді қосқан болар едіңіз.

**АЗАМАТ МАМЫРОВ,**  
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты.

# ҰСТАЙ БІЛСЕҢ-ҚАСИЕТІҢ, ҰСТАЙ БІЛМЕСЕҢ-ҚАСІРЕТІҢ

«Діні бар да, ұлты жоқ, сақалы бар да, мұрты жоқ. Теке сақал, қырма мұрт, елдің түбіне сол жетер». Асыл діннің атын жамылып, түрлі ағымға байланған қандастарымыздың қатары көбейген сайын әулие Мәшһүр Жүсіптің осы бір ауыз сөзі бүтін бір ұлт тағдырын таразыға тартып тұрғандай көрінеді. Ықылым заманнан бері дін мен дәстүрдің арасына сына қағып көрмеген Алаш баласы ала тайдай бүлінетіндей не күн туды басына? Жоқ әлде, салтта – сабақтастық, дәстүрде жалғастық барын қаперімізден шығарып алғанымыз ба? Ауылдағы ақсақалға амандаса барып, «Қашаннан бері мұсылмансыз?» десеңіз, «Әлім-сақтан бері мұсылманмын» деп қысқа қайыра еді. Бүгінде осы «әлімсақ» сөзін «көнөден, ертеден» деп ұғынамыз. Ол да ақиқат. Бірақ «әлімсақтың» тамыры одан да тереңде жатқанын білген абзал. Әсілінде «әлімсақ» сөзі алдымен «әлімсақ», оған дейін «мисақ» болғанын біреу білсе, біреу біле бермейді. Мисақ – адам мен Алла арасындағы алғашқы ант. Яғни, дана халқымыз есте жоқ ескі заманнан бері мұсылман екенімізді ескертіп қояды. Биыл мәдени құндылықтарымыздың мәйегіне айналған Тоныкөк ескерткішінің 1300 жылдығы UNESCO көлемінде атап өтілмек. Бір кездері Орхон мен Енисей өзендері алқабынан табылған таңбалы таста тарлан тарихымыздың тамыры лүпілдейді. Түбі бір түркі халықтарының төл мерейі бұл. Елтеріс пен Білге қағандарға кеңесші болған Тоныкөк бабамыздың дария-даналығы бүгінгі ұрпаққа бүтін бір алып тас, еңселі ескерткіш болып жеткен. Өрлігіміз бен ерлігімізге осындай таңбалы тастар мен жақпардағы жазулар күә! Білге қаған қашап қалдырған бір ауыз сөзінде «Ей, Түрік! Жоғарыда аспан құламай, төмендегі жер тесілмей, сенің мемлекетіңді, әдетіңді кім жоя алады?!» дейді. Бұл жерде «әдет» деп отырғаны сан ғасырмен сабақтас әдет-ғұрпымыз, салт-дәстүріміз. Соны жо-ятындар ұлты мен салтынан безінген, жат ағымның жетегінде жүргендер болса керек. Осы қатардағылар «Аспан құламай, жер тесілмей», өзгенің айтағына еріп, төл мемлекетінің қауіпсіздігіне сына қағатынын білсеші. Бүлдіргі ағымдардың уағызына ден қойып, айдың-күннің аманында бейбіт өмірден безініп, отбасын оққа байлағандар аз болмай отыр. Бір ғана мысал, «Жусан» операциясы арқылы Сириядан Отанына оралған Жанна есімді қандасымыз Таяу Шығыста өткізген 5 жылда небір сұмдықтың куәсі болғанын айтады.

«Аяғым ауыр кезде күйеуіме туған топырағыма оралғым келетінін жеткіздім. Ол бас тартты. Өзім кетсем де, баламды тастап кетуді талап етті. Өзі болса осы жақта өлуге бекігенін айтты. Ақыры солай болды да. Таяу Шығысқа алғаш табан тірегенімізде бәрі әдемі көрінді. Дүние-мүлкі бар баспанамыз болды. Ештемеден тарықпадық. Әйел адам болған соң, қызыққанымды жасырмаймын. Жақсы жағдайды кім жатсынсын? Кейін, Ракка қаласында болған кезде небір қуыстармен жүруге тура келді. Ол жерде адамдардың бастары ілініп тұрды. Соны көріп қатты жыладым», дейді отандасымыз. Ұлтқа төнген алапат қасірет бұл! Әйтпегенде,

атты әскері алты құрлық билеушілерінің түн ұйқысын қашырған бағзы бабаларымыз – түркілердің қаһарынан үрікпеген ұлт пен ұлыс кемде-кем жер бетінде. Махмұд Қашқари «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінде: «Ұлы Тәңір айтады: «Менің бір тайпа қосыным бар. Оларды «Түрік» деп атап, Күншығысқа қоныстандырдым. Бір ұлысқа ашуланып, назалансам түріктерді соларға қарсы саламын» дейді. Осы ойын жалғастырып: «Түріктер – көрікті, өңдері ұнамды, жүздері мейірімді, әдепті, үлкендерді құрметтей білетін кішіпейіл, уәделеріне берік тұратын мәрт...» дегені тағы бар. «Жүздері мейірімді, әдепті, үлкендерді құрметтей білетін кішіпейіл, уәделеріне берік тұратын мәрт». Мұсылмандықтың мұраты да, негізгі қағидаты осы емес пе? Әкенің қаны, ананың сүтімен сіңген дара қасиет келе-келе салт-санамызға айналды. Әдет-ғұрып болып қалыптасты. Көнөкөз қариялардың осыны меңзеп, «әлімсақтан мұсылманбыз» деуінің астарлы ақиқаты – міне сол!

М. Қашқаридың сөзіне күмәнданбас үшін түркілер тұрғысындағы хадистерді қазбалап көрейік. Байқағанымыздай, бір емес бірнеше хадис-шариф бар екен. Соның бірінде Пайғамбар (с.ғ.с) хадистерін сақтаушы сахаба Әбу Хурайра былай деді: Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) айтты: «Сендер қысық көзді, қызыл шырайлы, таңқы мұрынды, бет-жүздері қабат-қабат тері қапталған қалқан тәрізді түріктермен соғыспайынша қиямет-қайым болмайды. Сондай-ақ сендер аяқтарына жүннен киген бір қауыммен соғыспайынша қиямет болмайды» (Сахих әл-Бұхари). Енді бір сөздерінде Пайғамбарымыз (с.ғ.с): «Өлкені (дұшпандарға қарсы) қорғаудың күші онға бөлінеді: Оның тоғызы түркілерге, қалғаны өзге ұлттарға берілді» (ат-Табари). «Түріктер сізге тиспейінше байқаңыз, сіздер де түріктерге тиіспеңіз. Өйткені Алланың үмбетке берген бұл мүлкі (байлық) мен салтанатын алғаш болып Қантурауларды тартып алады» (ат-Табарани) дейді.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с) түркі халқымен соғыспай, оларды жақын тартуының бір мәні Тәңірінің «Күншығысқа қоныстандырған қосынының» өмір-салты, әдет-ғұрпы мұсылмандық қағидаттармен әу бастан-ақ ұштасып жатқанын аңғартса керек. Әйтпегенде, Жер-Ана төсінде түркілерден өзге ұлт пен ұлыс аз ба? Жоқ! Қасиетті Құранда Алла Тағала: «Әй адам баласы! Шүбәсіз сендерді бір ер, бір әйелден (Адам, Хауадан) жараттық. Сондай-ақ бір-біріңді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық. Шынында Алланың қасында ең ардақтыларың тақуаларың. Шәксіз Алла толық білуші, әр нәрседен хабар алушы» (Һужурат сүресі, 13-аят) деген еді. Ұлт пен ұғым. Дін мен дәстүр. Осынау төрт сөздің төркінін түсініп, ел игілігіне айналдыру да оңайға соққан жоқ. Әр халықтың өз дүниетанымы, төл түсінігі, үкілеген ұстанымы бар. Сонда қайтпек керек? Барлық халық, мәселен, бір ғана араб ұлтының дүниетанымымен өмір сүретін болса Жаратқанның «бір-біріңді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық» дегенін қайда қоямыз? Олай болуы да мүмкін емес еді. Сондықтан әр ұлттың әдет-ғұрпы ескерілуі

керек-ті. Олардың тек өзіне ғана тән тариқаты қажет болды. Тариқат, шариғат сөздері араб тілінен тәржімалағанда «жол» мағынасын береді. Ендеше, әр халықтың өз жолы бар. Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы шығарған «Дін мен дәстүр» кітабында «Мұсылман шариғатында адамдардың еркіне қалдырған мубах яки ерікті істері бар. Мысалы, тойларды, мейрамдарды өткізу жолдары, салт-жоралғылары әрбір халықта әркімкі. Олардың бәрін шариғатқа сай келмейді деп айтуға болмайды» делінеді. Ендеше, келіннің бетін ашу, домбыра шерту, өмірден озған адамның жетісін, қырқын, жылын беру шариғатта болмағанымен, «ерікті істер» деп қабылдауға болады. Осы кітапта айтылғандай «Ұлттық ерекшеліктерге, тілдік ерекшеліктерге қарсы шығу, оларды дәл арабтардыкіндей етуге тырысу барып тұрған надандық». Мәселен, қазақ халқы жеті атаға жетпей қыз алыспайды. Дана халқымыздың қасиеті де, келер ұрпағына жеткізген өсиеті де осы. Алтай мен Атыраудың, Арқа мен Алатаудың арасында қыз алысып, қыз беріскен құдандалығымыздың арқасында тіліміз бүлінбей, салтымыз сарқылмай келеді. Ардақ тұтқан әдет-ғұрпымыз да, діни сабақтастық та осылай сақталды.

Қазақ халқы үшін қатаң қағида, қастерлі ұғым – өзге ұлттарға тән емес. Сол сияқты, өзге халықтардың да дара дәстүрі біз үшін адамгершіліктің өлшемі болған жоқ. Дін ортақ болғанымен, сан түрлі салт, әлденеше әдет-ғұрып бар. «Салт-дәстүрін ел бұзбас, уәдесертін ер бұзбас» дейді қазақ жұрты. Ендеше, бір халықты бір халықтан ерекшелейтін дін емес, дәстүр болғаны ғой.

Бұл күні қазақ қоғамында айрандай ұйыған ұлттың іргесін сөгіп, іріткі салғысы келген уаххаби-салафилер қатары көбейіп барады. Өкініштісі сол, осы сор-соқпақта сандалғандардың басым-көпшілігі – жастар. Араб дәстүріндеміз деп байбалам салып, қазақтың өзіне ғана тән болмысын бүлдіріп әлек. М.Жүсіп айтқандай, «Діні бар да, ұлты жоқ!» «Елдің түбіне солар» жетпесе екен дейміз. Дейміз де, қазақы наным-сенімі жоғалған адамды қазақ деуге қалай аузымыз барады? Сақтардың салтын, ғұндардың ғұрпын, түркілердің таным-түсінігін ұстанған ұлт емес пе едік? Қазақ ұғымы тарих сахнасынан біржолата жойылып кетпеу үшін де жастарымызды, дара дәстүрімізді көздің қарашығындай қорғау керектігін ұғынар кез келді. «Ең мықты заңдар халықтың дәстүрлері» (Конфуций) екенін ұрпақ құлағына құюдың маңыздылығы күшейді.

Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Қазақтың түп атасы – батыр Түрік, «Арабсың» деген сөздің түбі шірік. «Пәленше сахабаның затысың» деп, Алдаған дін жамылған өңкей жүлік» деп толғайды. Жат ағымның жетегінде кеткендер араб емес, түбіміз – түрік, қанымыз – қазақ екенін осыдан-ақ ұғынар еді. Себебі дін – діңгек дегенімізбен, салт-дәстүрден аулақтаған болса, ол да «ұстай білсең – қасиетің, ұстай білмесең – қасіретің»...

Рауан ҚАБИДОЛДИН,  
ақын, журналист.

**СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ**

1. «СҚО Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ 22-9-81
2. «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі» КММ 21-4-70
3. «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ 22-6-97
4. «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ 79-0-47
5. «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі» КММ 23-4-18
6. «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің дене тәрбиесі және спорт бөлімі» КММ 23-6-31
7. «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобильдік жолдар бөлімі» КММ 22-5-37
8. «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» КММ 23-5-09
9. «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» КММ 21-7-45
10. «Абай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 76-7-85
11. «Алабота ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 75-1-97
12. «Амандық ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 42-6-71
13. «Большеизюм ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 32-5-25
14. «Донецк ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 74-2-35
15. «Драгомиков ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 55-3-33
16. «Зеленогай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 77-3-73
17. «Келлер ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 51-2-03
18. «Киров ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 32-1-48
19. «Краснополяна ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 54-2-17
20. «Летовочное ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 52-3-10
21. «Мироновка ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 79-0-22
22. «Рощинск ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 53-7-48
23. «Теңдік ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 42-0-01
24. «Тихоокеан ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 77-1-18
25. «Чермошнян ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 38-2-40
26. «Чкалов ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 70-2-75
27. Яснополян ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 73-3-94
28. «Тайынша қаласы әкімінің аппараты» КММ 22-8-05

бұл телефондар арқылы мемлекеттік қызметкерлердің Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің Этика Кодексіне бузылу және сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар жасау фактілері туралы хабарлауға болады.

«СҚО Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ  
www.tsh.sko.gov.kz

**2022 жылғы шілдеде**

аудандық мәслихаттың хатшысымен, облыстық және аудандық мәслихаттың депутаттарымен азаматтарды қабылдау Кестесі

№ р/с	Қабылдауды жүргізген тұлғаның тегі, аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны	Қабылдау күні
1	Ерлан Сапарбекұлы Алпысов — облыстық мәслихаттың депутаты, «Племзавод Алабота» ЖШС-нің басшысы	13 шілде
2	Данияр Келденбекұлы Жақыпов — аудандық мәслихаттың депутаты, «Данияр-Бидай» ЖШС-нің менеджері	1 шілде
3	Бауыржан Мәратұлы Мергасимов — аудандық мәслихаттың депутаты, «Дарига» ЖК басшысы	4 шілде
4	Айгүл Бағдатқызы Әбдірахманова — аудандық мәслихаттың депутаты, «ЗИМ-Экспорт» ЖШС-нің директоры	7 шілде
5	Николай Николаевич Трифионов — аудандық мәслихаттың депутаты, «ТайыншаКоммунСервис» ЖШС-нің директоры	11 шілде
6	Сәрсенбай Мұратұлы Бекшенов — аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша ауданы мәслихатының хатшысы	12 шілде
7	Руслан Елшібайұлы Егінбаев — аудандық мәслихаттың депутаты, «Престиж Агро» ЖШС-нің директоры	15 шілде
8	Батес Латиф — аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша КБАА» ШЖҚ-дағы КМК-ның бас дәрігерінің орынбасары	18 шілде
9	Айгүл Ботақызы Мұхаметғалиева — аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша қаласының № 4 орта мектебі» КММ-нің директоры	20 шілде
10	Диана Еслямбекқызы Ысқақова — аудандық мәслихаттың депутаты, «№ 1 Чкалов орта мектебі» КММ-нің педагог-психологы	22 шілде
11	Александр Владимирович Кершис — аудандық мәслихаттың депутаты, ДЭУ-65 бастығы	25 шілде
12	Гүлнүр Өмірбайқызы Батаева — аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша ауданының білім бөлімінің әдіскері	27 шілде
13	Виктор Иванович Рудницкий — аудандық мәслихаттың депутаты, «Дашка-Николаевка СК» ЖШС-нің директоры	29 шілде

**Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау орны:** Тайынша қаласы, Центральний бұрылысы, 3 «А», «АМАНАТ» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы.

**Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау уақыты:** 11.00.-ден 13.00.-ге дейін.

**Мына телефондар арқылы қабылдауға алдын-ала жазылуға болады:** аудандық мәслихат — 23072, «АМАНАТ» партиясының аудандық филиалы — 22047.

**2022 жылдың III тоқсанында Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімімен, оның орынбасарларымен Және аппарат басшысымен жеке тұлғаларды және заңды тұлғалар өкілдерін жеке қабылдау**

**КЕСТЕСІ**

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның Т. А. Ә.	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефон
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ	Аңбаев Руслан Әкімжанұлы	Аудан әкімі	әр айдың бірінші, үшінші сейсенбісі 10.00-12.00 сағ	Тайынша қ. Қазақстан Конституциясы көшесі 197	2-16-65
	Әміренов Асан Амангелдіұлы	Аудан әкімінің орынбасары	әр айдың сәрсенбісі 10.00-13.00 сағ		2-27-47
	Бәтенова Гүлбаршын Кахарманқызы	Аудан әкімінің орынбасары	әр айдың бейсенбісі 10.00-13.00 сағ		2-14-86
	Абулғазина Бақыт Бегайқызы	Аудан әкімі аппаратының басшысы	әр айдың әр жұма 10.00-13.00 сағ		2-27-00

Ескертпе: қабылдауға алдын ала жазылу 8 (71536)22-3-42 телефоны бойынша жүзеге асырылады

**Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Тайынша қаласы мен ауылдық округтердің әкімдерінің 2022 жылдың III тоқсанында жеке тұлғаларды және заңды тұлғалар өкілдерін жеке қабылдау кестесі**

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарға қабылдау жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә.	Азаматтарға қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан орны	Байланыс телефоны
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Абай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Досмұқанов Бейбіт Сырымбетұлы	Абай ауылдық округінің әкімі	Сейсенбі, бейсенбі 10.00 -13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Қарағаш а.	76-7-85
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Алабота ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Қалиақпаров Ертай Өтепұлы	Алабота ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, сәрсенбі 09.00 -13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Аққудық а.	75-1-97
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Амандық ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Сағындықов Болат Қуандықұлы	Амандық ауылдық округінің әкімі	Сейсенбі, бейсенбі 16.00 -18.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Амандық а.	43-6-68
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Зеленогай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Жүсіпов Талғат Абзалұлы	Большеизюм ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, сәрсенбі 10.00 -13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большой Изюм а.	32-5-25
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Донецк ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Кахабаев Мұрат Мұхамбетқалиұлы	Донецк ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, сәрсенбі 09.00 -13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Донецкое а.	74-2-35
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Драгомиков ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Әжіғұлов Жұлдыз Асылбекұлы	Драгомиков ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі 10.00 -13.00 сағ Жұма 09.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Драгомиковка а.	55-3-33
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Зеленогай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Мұстаханов Нурлан Сәрсенғалиұлы	Зеленогай ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, сәрсенбі 10.00 -13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Зеленый Гай а.	77-3-73
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Келлер ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Илиясов Досымжан Сұлтанбекұлы	Келлер ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, сейсенбі 10.00 -18.30 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Келлеровка а.	79-0-87
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Көпербаев Рыспек Әлібекұлы	Киров ауылдық округінің әкімі	Сейсенбі, жұма 10.00 -13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Кирово а.	32-3-13
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Краснополяна ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Жомартов Талғат Базарбайұлы	Краснополяна ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, жұма 10.00 -13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Красная Поляна а.	54-2-17
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Летовочный ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Руденко Дмитрий Владимирович	Летовочный ауылдық округінің әкімі	Сейсенбі, Бейсенбі 15.00 -18.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Летовочное а.	52-3-10
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Мироновка ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Ысқақов Кемел Оралбайұлы	Мироновка ауылдық округінің әкімі	Сейсенбі, бейсенбі 10.00 -12.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Мироновка а.	79-0-22
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Рощинск ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Ғалиев Абылайхан Файзурахманұлы	Рощинск ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, сәрсенбі 09.00 -12.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Рощинское а.	53-7-48
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Теңдік ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Қасқұлақов Ержан Қайыржанұлы	Теңдік ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, сәрсенбі 10.00 -13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Теңдік а.	42-0-01
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тихоокеан ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Бәкіров Ерлан Михашұлы	Тихоокеан ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, сәрсенбі 10.00 -13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тихоокеанское а.	77-1-88
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чермошнян ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Жетібаев Әскер Шайхислямұлы	Чермошнян ауылдық округінің әкімі	Сәрсенбі, жұма 09.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чермошнянка а.	38-4-60
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чкалов ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Садуақасов Сәкен Төкенұлы	Чкалов ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, жұма 10.00 -13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чкалово а.	70-2-75
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Яснополян ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Темірбаев Ермұқан Нұрмұқанұлы	Яснополян ауылдық округінің әкімі	Сейсенбі, бейсенбі 10.00 -13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Ясная Поляна а.	73-3-94
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қаласы әкімінің аппараты» КММ	Шпаковский Валерий Анатольевич Бекенов Жаслан Баймұратұлы	Тайынша қаласының әкімі Қала әкімінің орынбасары	Дүйсенбі, жұма 14.30 -18.00 сағ Сейсенбі, бейсенбі 14.30-18.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қ. Центральний бұрылысы, 2	22-6-05 22-8-05

**СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ТАЙЫНША АУДАНЫ ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРЫ БАСШЫЛАРЫНЫҢ 2022 ЖЫЛДЫҢ ІІІ ТОҚСАНЫНДА ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАР ӨКІЛДЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ**

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарға қабылдау жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә.	Азаматтарға қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан орны	Байланыс телефоны
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі» КММ	Хамзина Айгүл Ермекебайқызы	Бөлім басшысы	Бейсенбі 10.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Қазақстан Конституциясы көшесі, 206	21-4-70
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ	Бұра Андрей Николаевич	Бөлім басшысы	Жұма 10.00 -13.00 сағ 14.30-16.30 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Қазақстан Конституциясы көшесі, 206	22-1-85
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ	Нероба Ольга Густавовна Тәшетова Баян Мәратқызы	Бөлім басшысы	Дүйсенбі, жұма 10.00 -13.00 сағ Сейсенбі, бейсенбі 10.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Қазақстан Конституциясы көшесі 203	21-0-22 79-0-47
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі» КММ	Голубь Наталья Викторовна	Бөлім басшысы	Дүйсенбі 10.00 -13.00 сағ сәрсенбі 10.00 -12.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Қазақстан Конституциясы көшесі, 206	23-4-18
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі» КММ	Сағындықова Гүлмира Бәкібайқызы	Бөлім басшысы	Дүйсенбі 14.00 -18.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Пролетар көшесі, 193	23-7-94
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобильдік жолдар бөлімі» КММ	Темірбеков Берік Алғалиұлы	Бөлім басшысы	Бейсенбі 16.00 -18.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Астана көшесі, 176	22-5-37
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» КММ	Сәрсембаев Бекболат Әкімбаулы Жәкенова Айнагүл Сағатқызы	Бөлім басшысы	Сейсенбі 09.00 -13.00 сағ Сәрсенбі 14.00 -18.00 сағ Сейсенбі 14.00-18.00 сағ. Сәрсенбі 09.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Центральний бұрылысы, 2	23-5-09 21-6-43
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» КММ	Сабырова Гүлмира Сатыбалдықызы	Бөлім басшысы	Сәрсенбі 10.00 -18.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қ. Центральний бұрылысы, 2	73-0-43

• Жұмыспен қамту

# «ДИПЛОММЕН – АУЫЛҒА» ЖОБАСЫ!



**«Дипломмен ауылға» жобасы Қазақстанда 10 жылдан астам уақыттан бері жүзеге асырылып келеді. Ол жас дәрігерлер, мал дәрігерлері мен мұғалімдер қазір білікті мамандар жетіспейтін ауылдарға жұмысқа баруы үшін әзірленген. Басты шарт - ауылға келген маман өз мамандығы бойынша кем дегенде үш жыл жұмыс істеуі керек. Бағдарламаға қатысу үшін таңдалған елді мекенде жұмыс берушіні өзіңіз табуыңыз керек. Ауылдық мектептерге, ауруханаларға, мәдениет үйлеріне, спорт кешендеріне және т.б. жұмысқа орналасуға болады (өңірлердегі кадрлардың қажеттіліктері туралы мәліметтер облыстық әкімдік басқармаларының сайттарында орналастырылған). Егер жұмыс орнын табу мүмкіндігі болмаса, түлек ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне немесе аймақтардағы жауапты қызметкерлерге жүгіне алады. «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы сіз көтерме жәрдемақыны және бюджеттік несие алуға онлайн режимінде өтініш бере аласыз.**

«Дипломмен – ауылға» жобасының қатысушылары 4,5 миллион теңгеге дейін ала алады! Бұл жобаға ауылдық жерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, агроөнеркәсіптік кешен мамандары, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілері (әкімдерді және әкімдердің орынбасарларын қоспағанда) қатыса алады.

Мемлекеттен әлеуметтік қолдау келесі түрде көрсетіледі

- 100АЕК сомасымен біржолғы көтерме жәрдемақы (2022ж. 306 300 теңге);
- 15 жылға дейінгі мерзімге тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін жыл сайынғы 0,01% сыйақы мөлшерлемесімен 1500 АЕК (2022 жылы 4 594 500 теңге) мөлшерінде тұрғын үй сатып алуға немесе салуға кредит беру.

Сонымен бірге, көтерме жәрдемақы мен бюджеттік кредит сомасы жыл сайын айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің өсуіне байланысты ұлғаяды.

Әлеуметтік қолдау шараларын алу үшін маман Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы № 72 бұйрығымен бекітілген Қағидаларға сәйкес құжаттарға Мемлекеттік корпорация арқылы немесе ЭЦҚ болған кезде «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы электрондық түрде ұсынады. Қызмет тегін көрсетіледі. Қызмет көрсету мерзімі 6 жұмыс күні.

Бюджеттік кредит бұрын берілген кредиттер (құжаттарды қарау сәтінде) бойынша өтелмеген мерзімі өткен берешегі бар не соңғы екі жылда күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен тұлғаларға берілмейтінін атап өткен жөн. Сондай-ақ бюджеттік кредит түріндегі әлеуметтік қолдау шаралары жақын туыстарынан (ерлі-зайыптылардан, аталардан (әжелерден), ата-аналардан/бала асырап алушылардан, балалардан, оның ішінде асырап алынған балалардан, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілерінен (қарындастарынан) тұрғын үй сатып алуға, сондай-ақ азамат тұрақты тұратын тұрғын үй-жай сатып алуға ұсынылмайды. Алушы үшін негізгі талап осы ауылдық елді мекенде орналасқан ұйымда тиісті мамандық бойынша кемінде үш жыл жұмыс істеу міндеттемесін өзіне алу болып табылады. Егер еңбек қатынастары бұрын үш жылдан бұрын үзілсе, бюджет қаражаты бюджетке толық көлемде қайтарылады.

Ақпарат алу үшін «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» КММ Центральнй бұрылысы 2 мекенжайы бойынша немесе 8(71536)21643 телефоны бойынша хабарласыңыз.

**Айнагүл ЖАКЕНОВА,  
Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі басшысының м.а.**

## ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСТАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК

Еңбекті қорғау және жұмыс орнындағы қауіпсіздік бойынша мәселелерге ерекше назар бөлінеді. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында мониторинг жүргізіледі. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы басты қағидалар: жұмыскердің өмірін және денсаулығын сақтау; жұмыскерлердің денсаулығына өндірістік зиянды әрекеттердің әсер етуіне жол бермеу; еңбек шартында жұмыскерлердің құқығын қорғау; аумақтық бөлімшелер және реттеушілердің өкілдерінің келісілген әрекеттерін қамтамасыз ету; қауіпсіздік және еңбекті қорғау жағдайы туралы ақпараттық толықтығы және шынайылығы. Еңбекті қорғауды басқару саласында мақсатты тұжырымдаудың бірыңғай жүйесі енгізілді, атап айтқанда мәдениетті арттыру және еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша жүйені жетілдіру бағдарламасы, қызметтің жаңа негізгі функционалдық көрсеткіштері бекітілді. Жұмыскерлер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде бақытсыз жағдайлардан міндетті сақтандыру шарты, сондай-ақ іріктеушілердің ауыру жағдайларына ерікті медициналық сақтандыруға жылдық шарт жасалды. Жыл сайын «Қауіпсіздік және еңбекті қорғау апталығы», «Денсаулық күні», «Донор күні», «Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау күні» өтеді. Тәжірибе бақытсыз жағдайлар орын алды, олардың әрқайсысы еңбек қызметімен байланысты және медициналық қорытындыға сәйкес еңбекке жарамдылығын жоғалтқан жұмыскерлер мұқият тексерілуде. Еңбек қызметімен байланысты ауыр, өлімге әкелген және топтық бақытсыз жағдайлар арнайы тергеледі. Еңбек қызметімен байланысты жергілікті органдарға уақытында хабарланбаған бақытсыз жағдайлар жәбірленушінің өтініші бойынша тергеледі. Өңірдің ауыл шаруашылығы саласының өкілдеріне қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қатысты жоғары жауапкершілік жүктелді. Агроөнеркәсіп кешені ұйымдарындағы егіс жұмыстары ауыл еңбеккерлерінің өндірістік күнтізбесінде ең жауапты және қауірт болып табылатыны құпия емес. Оларды ұйымдастыру және өткізу ауыл шаруашылығы құрылымдарының басшыларынан өлшемді басқару шешімдерін қабылдауды, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру бойынша барынша нәтиже алуға бағытталған техникалық және адам ресурстарын шоғырландыруды талап етеді. Еңбек немесе технологиялық тәртіптің төмендігінен, оқытудың болмауына, жұмыс уақытында алкоголь ішу және лауазымды адамдар тарапынан еңбек үрдісіне тиісті бақылаудың болмауына байланысты адамдардың еңбекке қабілеттілігінен айырылуын, тіпті денсаулығын жоғалтуын ешқалай ақтауға келмейді. Қазіргі кезде облыстың әр шаруашылығында әрбір қызметкерге қауіпсіз еңбек кепілдігін қамтамасыз ету үшін нақты жағдайлар мен мүмкіндіктер бар. Өндірістегі жарақаттануды төмендетудің басты жолы, осы бағыттағы көп қырлы жұмыстың өзегі – оның алдын алу болып табылады.

Дала жұмыстарының барлық кезеңдерінде (өрістегі астық жинау комбайнынан астық қоймасына дейін) лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер үшін белгіленген еңбекті қорғау талаптарын, еңбек және өндірістік тәртіпті сақтау арқылы оларды өндіру қауіпсіздігін қамтамасыз ету талап етіледі. Солтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы кәсіпорындарындағы жазатайым оқиғалардың үлесі экономиканың барлық салаларына пайыздық қатынаста 38%-дан астамын құрайтынын көрсете кету керек. Жұмыс берушілерден еңбекті қорғауға аса қамқорлықпен қарауды өтінеміз, өйткені біздің ортақ міндетіміз – қызметкерлердің қауіпсіз және зиянсыз еңбегін қамтамасыз ету. Бүгінгі таңда қызметкерлердің емделуіне және зардап шеккендердің отбасыларына көмек көрсетуге, апаттан кейін қираған үй-жайларды қалпына келтіруге, зақымданған техника мен жабдықтарды жөндеуге ертең көп күш жұмсағанша, одан да бүгін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға қаражат бөлу әлдеқайда тиімдірек болар еді.

Осыған байланысты, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын сақтауға, атап айтқанда, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен қамтамасыз ету, басшы қызметкерлерді, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі жауапты адамдарды және кәсіпорын қызметкерлерін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөнінде оқытуды және білімін тексеруге; жұмыс орындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, қызметкерлердің қызметтік міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандыруға ерекше назар аудару; жұмыстарды қауіпсіз жүргізу бойынша құжаттаманы қамтамасыз ету қажет.

**СҚО бойынша мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды бақылау бөлімі.**

# «ӨЗІН ТӘРБИЕЛЕЙ БІЛМЕГЕН, ӨЗГЕГЕ ӨНЕГЕ КӨРСЕТЕ АЛМАЙДЫ» Абай Құнанбаев.

(Соңы. Басы газеттің өткен сандарында).

«Тайынша қаласының №5 орта мектебі» 3-сынып оқушысы Серік Інжу қашықтықтан өткен Президент шыршасына қатысты. Оған бағалы сыйлықтар сыйға тартылды. «Назар аудар оқушы ақциясы аясында «Жолда жүру ережесі» тақырыбы бойынша мектеп оқушылармен мектеп инспекторы әңгіме жұмыстар жүргізді. Халықаралық отбасы күніне арналған жоспар аясында «Балалардың құқықтары мен мүлделерін қорғау» бойынша дөңгелек үстел өткізілді. Әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушыларға «Қамқорлық» ақциясы ұйымдастырылды.

Рухани-адамгершілік тәрбие – адамгершілік келбеті, адамгершілік сана; құндылық сезімдері мен қасиеттері – ізгілік, ар-ождан, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, бауырмалдық, мейірімділік, адалдық, ынтымақтастық, ұлтаралық келісім, толеранттылық сияқты құндылықтарды қалыптастырады. «Мектепке жол» бағдарламасы аясында мектептің қамқоршылық кеңсі, ата-аналар комитеті, демеушілер, мектеп ұжымымен бірлесе «Адамға қуаныш сыйла» ақциясы ұйымдастырылды. Мектептің «Адал ұрпақ» клубы мен волонтерлері «Қарттарым аман сау жүрші» тақырыбында өткізілген қарттар айлығына құттықтаулар бейнероликтерін жасады, сонымен қатар көмек қажет ететін мектебіміздің ұлағаттары ұстаздары қарт мұғалімдердің үйлеріне барып көмек көрсетті.

Рухани-адамгершілік тәрбиені қалыптастыруда қазақтың педагог-ағартушысы, жазушы, фольклоршы, қоғам қайраткері, ғалым-этнограф Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына, қазақтың халық ақыны Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейхановтың 155 жылдығына, қазақ әдебиеттануы мен тіл білімінің негізін салушы, ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына, Қазақ КСР Халық әртісі, қазақтың белгілі музыкаторы, композитор, дирижёр, ақын Ахмет Жұбановтың 115 жылдығына, қазақтың белгілі лирик ақыны, аудармашы Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына арналған бұқаралық іс-шаралар жоспарланып, тіл манандары, тарих мұғалімдері, музыка мұғалімі, кітапханашы әдеби кеште, ашық сабақтар, өлең сайыстар, бейне роликтер және тағы басқа форматта аталып өтті. Жас ұрпақ бойында жоғары азаматтық және рухани адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру аясында жыл бойы оқушылар кітапханаға барып, ҰБТ тестілеуге дайындық үшін оқулықтар алып дайындалады. Дискуссия сабақтарына және конференцияларға оқушылар белсене қатысады. Мектептегі педагог қызметкерлері кәсіптік шеберлігін көтеруге кітапханадан көп көмек алады. Адамгершілік құндылықтар жүйесін қалыптастырудың бір жолы – кітап оқу. Кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру және оны қолдау, кітап мәртебесін («Кітап оқу – сән») арттыру мақсатында білім алушылар арасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы енгізілді. Бұл жоба аясында мектепте «Оқуға құштар» атты үйірме жұмысы жүргізіліп отырды. Жетекшісі Ж.Т.Исмагулова және мектеп кітапханашысы А.Б. Мұханбеталина ата-аналармен, барлық пән мұғалімдерімен, сынып жетекшілерімен жұмыстар жүргізді.

Бастауыш сынып оқушыларының оқуға, кітапқа, балалар журналдарына қызығушылығын арттыру мақсатында сынып оқушыларымен «Кітапханамен танысу» «Біз кітап оқимыз», «Кітап оқып үйренейік» атты іс шаралар оқырмандарға өткізілді. Отбасылық оқуды насихаттау мақсатында «Демалыста кітап оқимыз», «Отбасыммен кітап оқимын» атты бейне фильмдер түсірілді. Кітапхана жаңа көркем әдебиетпен толықтырылған кезде сыныптармен «Жаңа кітаппен танысу» атты шаралар, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жоспарланған ақциялар, букроссинг, көрмелер ұйымдастырылып өткізіліп, фейсбукка жарияланып отырды. Жобаның негізгі бағыттары өзара қарым-қатынас пен әлеуметтік әріптестік арқылы білім алушылардың оқу құзыреттілігін, оқу мәдениеті мен оқу белсенділігін арттыруды, оқу сауаттылығы бойынша халықаралық зерттеулерге қатысуын жалғастыруды, оқырмандар қауымдастығын қалыптастыруды, іс-шараларға ата-аналарды қатыстыруды көздейді. Ұлттық тәрбие аясында жаңа оқу жылында білім алушылардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту мақсатында цифрлық дәуір ерекшеліктерімен байланыстыра отырып «Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында «Дәстүр мен ғұрып» Қазақтардың қонақжайлылық қасиеті және өзара көмек жөніндегі әдет-ғұрыптары сынып сағаттары, «Рухани келісім» күні, «Әдептілік пен сыйабылдық», «Жасы үлкендерге құрмет көрсету», «Ұлттық теңге – ел тәуелсіздігінің символы», «Менің Отаным-Қазақстан», «Өз жеріңді таны» атты қазақ халықының төл мәдениетін, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастатын салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын сақтауы мақсатында әңгіме сағаттары, кеш-

тер, кездесулер өткізілді. Дәстүр жастарды тәрбиелеуде, ұлттық сана-сезімді қалыптастыруда маңызды рөл атқарары сөзсіз сондықтан да тәрбие сағаттарына «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы аясында қарт әжелер, аталар шақырылды. Бұндай кездесулер пандемияға байланысты онлайн форматта өткізілді. Оқушылар мемлекеттік тіл – қазақ тілін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік атрибуттары: мемлекеттік рәміздерін біледі құрметтейді. Мемлекеттік рәміздер мектебіміздің екінші қабатында орналасқан. 2020 жылы Наурыз мейрамы қарсаңында «Атамекен» мұражай ашылды. Жетекшісі Амирханова А. А. Мұражай: Тайынша қаласының тарихы, Тың игерушілер, мектеп тарихы, Ұлы Отан соғысының батырлары бөлімдерінен тұрады. «Менің Отаным – Қазақстан» (балалар мен жасөспірімдер туризмі мен өлкетануды дамыту, экспедициялар, саяхат, экскурсиялар ұйымдастыру) бағыты бойынша пандемияға байланыс офлайн ұйымдастыруға мүмкіндік болмады, бірақ онлайн форматта «Тарих мұрасы», «Өз жеріңді таны» тақырыптарында саяхат сабақтар, бейнероликтер жасалды.

«Қазақстанның киелі орындары – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы география пәнінің мұғалімі онлайн саяхат сабақтар өткізді.

Мектептегі отбасылық тәрбиенің мақсаты келесі құндылықтарды қалыптастыру: отбасы мүшелері арасындағы сыйласымдылық, үлкенді құрметтеу, ананы сыйлау, әкені қадір тұту, отбасы берекесі, отбасылық дәстүрлер, бауырмалдық, туысқандық, денсаулыққа қамқорлық, салт-дәстүр сабақтастығы, сүйіспеншілік.

Отбасында, мектепте, қоғамдық ортада құндылықтар негізінде балаларды тәрбиелеу – қазіргі уақыттың өзекті мәселесі.

Ата-аналармен жұмыс жоспары құрылып жүзеге асып отыр. Ата-аналармен мектептің оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру, ата-аналар комитеттері сайланып, мектеп формасына қойылатын талаптар, дұрыс тамақтануын ұйымдастыру, оқушылардың қауіпсіздігі, қарттарға көмек көрсету ақцияларын бірлесе ұйымдастыру, оқушылардың сабақты себепсіз босатпаулары туралы, жасөспірімдерді интернет желісен сақтау үшін ата-ана нені білу қажет, мектепшілік іс-шараларға қатысу, құқықбұзушылықтың алдын алу, электронды темекі зияндары, зиянды заттардың зардаптары, мамандық таңдау тақырыптарында жиналыстар, әңгімелер, жеке кездесулер /онлайн форматта/ жұмыстар жүргізілді.

Отбасылық құндылықтар мен ұлттық тәрбие мәселелері мектептердің тәрбие жұмысында, балалардың бос уақытын ұйымдастыру аясында қосымша білім беруде мектепте «Орхидея», «Ақындар мектебі», «Дебат», «балалар және театр», «Оқуға құштар», «Атамекен», «Бес тас», «Асық ату», «Тоғызқұмалақ», «Баскетбол», «Волейбол», «Футзал», «Шахмат-шашки», «Теннис» үйірмелері ұйымдастырылған.

Ата-аналар жиналыстарында «Психологиялық тренинг», «Отбасын таныстыру», «Тәжірибе алмасу» «Отбасы мүшелерін құрметтеу» тақырыптары қамтылды.

Ата – аналар жиналысы әр тоқсан соңында өткізіліп отырады. Онда ата – аналар комитетінің жаңа құрамы сайланады, әртүрлі тақырыпта баяндамалар оқылып, тоқсандық қорытынды яғни, оқушылардың оқудағы үлгерімі мен мектептегі тәрбиесі жайлы және алдағы міндеттер туралы мәселелер қозғалады. Сондай – ақ ата – аналармен топпен жұмыс түрлері жүргізіліп, ұрпақ тәрбиесіндегі ата – ананың ролі туралы өз ойлары ортаға салынады. Ата – аналар мектеп пен отбасының тығыз байланыста болуына өз үлестерін қосып отырды.

Еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие білім алушылар бойына шығармашылық еңбек, еңбек мәдениеті, экономикалық сана, кәсіп, мансап, функционалдық сауаттылық, туған табиғатқа деген сүйіспеншілік сынды құндылықтарды сіңіруге ықпал етеді.

«Жас кәсіпкер», «Экосабақ» тақырыптарында сабақта, әңгіме сағаттары, «Табиғат апаты негіздері» сабақтар, пікірталас, «Мамандық туралы хабарың бар ма?» үсіндіреме жұмыстары, «Күз сыйы» жеміс жидектерден жасалған заттар көрмесі, «Қолөнер» көрмесі ұйымдастырылды. «Гүлді калейдоскоп» мектепке гүл сыйла атты 1 сыныптарға арналған ақция мектебімізде бірнеше жыл қатарынан өткізілуді Нәтижесінде мектеп оранжереясына гүледер толықтырылады. «Біздің мектеп-ең таза мектеп» тазалық күні аптаның бейсенбі күндері тексеріліп қорытынды шығарылады. «Қазақтың ұлттық ою-өрнектері» әр-түрлі материалдардан көркем еңбек сабақтарында жасалып қорытындысында көрме ұйымдастырылды.

Сондай-ақ «Жас ұлан» ұйымы, мектеп парламенті мүшелері, еріктілер клубының ұйымдастыруымен қарттарға көмек қар тазалау, күзгі жемістерді жинау жұмыстары жүргізілді.

Білім алушылардың өзін-өзі кәсіби анықтауында мамандық таңдауына көмектесетін «Мамандық таңдау

уақыты» Көкшетау, Петропавл қалаларының жоғарғы және арнаулы орта білім беретін білім мекемелерімен кәсіптік бағдар онлайн форматта гүл мит, зум платформаларында өткізілді. Олар өздерінің оқу мекемелерінің мамандықтар бойынша ақпарат, бейне таныстырылымдар көрсетіп толық ақпарат бердім. «Мұндай мамандық бар» Тайынша қаласының мемлекеттік мекемелерінде қандай мамандық бар солардың жұмыс барысымен танысу яғни көбен көріп білу мақсатында жыл сайын жоспарға сай өткізіледі.

Экологиялық мәдениет» жобасы аясында тәрбиелік іс-шаралар кешенін іске асыру экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға ықпал етеді. Мектебіміздегі «Оранжерея» бұрышы бар сол жерге оқушылар үзіліс кезінде тек демалып қоймай өсіп тұрған гүлдерді күтеді. Бұл жерде өзі-өзі тану сабақтары, үйірмелер де өткізіледі. Қоршаған ортаны қорғауға, қалдық заттардан бұйымдар жасай білуге үйрету мақсатында өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «Эко-челлендж» ұйымдастырылды. Оқушылар түрлі қалдық заттардан қажеттілікке жарайтын заттар жасады. Ең үздік деп танылған еңбектер бағаланып, марапатталды. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие білім алушыларға эстетикалық сананы; эстетикалық талғамды қалыптастыруға көмектеседі. «Менің сүйікті ертегім» атты бастауыш сынып оқушыларымен «Әжемнің ертегісі» атты ертегілер оқу сағаттары «Ұлы дала мұрагерлері» үздік аңыздар оқу сағаттары, «Өзіңді білуің адамгершілікке жеткізеді» әңгіме сағаттары өтті. «Балалар және театр» үйірмесі мектебімізде орта буын оқушыларымен жүргізіледі. Үйірме жұмысының мақсаты: әр оқушының өзіндік қабілетін ашу, белсенділігін арттыру. Шығармашылығын шыңдау. Күтілетін нәтиже: актерлік өнердің қыр-сырын меңгеру, жұрт алдында өзін дұрыс ұстай білу, өз ойын жеткізе білу. Интеллектуалды білім беру, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу білім құндылығын; зияткерлік ұстанымды; әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын; ал ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу кибермәдениет мен кибергириенаны қалыптастырады. «Діни экстремизм және терроризмнің алдын алу» тақырыбына сынып сағаттары өткізілді.

«Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру білім алушылардың командада жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға, қарама-қарсы пікірге құрметпен қарауға, өз көзқарастары мен пікірлерін белсенді қорғауға үйретуге мүмкіндік береді. Пікірсайыс қозғалысының мақсаты-қоғамда орын алған проблемаларды жария талқылау және талдау арқылы білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру.

Пікір сайыс қозғалысының міндеттері: білім алушылардың құқықтық мәдениетін, азаматтық белсенділігін, жауапкершілігін, шығармашылық және сыни ойлау, даулы жағдайларды дипломатиялық жолмен шешу қабілетін қалыптастыру; мәдени-танымдық және ағартушылық қызметтің инновациялық модельдері мен технологияларын пайдалана отырып, еліміздің әрбір өңірінде әрбір білім беру ұйымында, клубтарда пікірсайыс орталықтарын құру мақсатында мектебімізде «Шабыт» дебат клубы жұмыс істейді. Жетекшілері Исмагулова Ж.Т және Жакен М. Клуб үйірме ретінде жүргізіледі. Сонымен қатар мектеп оқушылар арасында олар сыныптар мен дебаттыр турнирлар да өткізіп тұрады. Дене тәрбиесі салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастырады.

Мектебімізде футбол, волейбол, баскетбол, футбол, волейбол, шашки, шахмат; ұлттық спорт түрлері: асық ату, тоғызқұмалақ, бес тас бойынша мектептік секциялар жұмыс істейді. «Салауатты өмір салтын ұстан!» ұранымен «Денсаулық фестивалі» ақциясы ұйымдастырылды. Мектеп оқушылары арасында түрлі аурулардың алдын алу мен салауатты өмір салтын насихаттау барысында «Денсаулық-зор байлық» тақырыбы аясында іс-шаралар ұйымдастырылды. Онда түрлі спорттық ойындардан эстафета ұйымдастырылды. Оқушылар қызыға әрі белсенді қатысты. Балалар тәрбиесіне, келер ұрпақ тәрбиесіне қай кезеңде болса да, қай елде, қай ұлтта болмасын үлкен мән берілген. Өйткені бала – біздің болашағымыз. Ол үшін балаларды жаман, жақсы деп бөлмей, бірлесе аяғынан нық тұруға көмектесу керек. Бау-бақшаны баптап, күтіп суарсаң ғана жемісіне келесің. Сол сияқты баланың теріс мінездерін үнемі қадағалап, түзету – қоршаған ортаның, яғни ата-ана мен мектептің міндеті.

Гүлнәр БОЛАТОВА, Самал ЕСМУХАНОВА, Тайынша қаласы №5 орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары.


# МЕН БҮГІН ӘКЕМДІ АЙТЫП ТОЛҒАНАМЫН

Ұлы Отан соғысы ел басынан күнкіреп өткеніне қанша жыл өтсе де, оның жарасы мен жаңғырығы әлі күнге жанымызды ауыртып, жадымызда тұрады. Сол қанды қырғынның куәсі – жауынгер азаматтардың майдан даласынан жазылған хаттары, яғни аманат-мұрасы. Сол кезде жазылған хаттарда майдан мен тылдың, соғыста жаумен шайқасқан ерлер мен елдегі үлкен-кішінің жанқиярлық еңбегі сол сұрапыл кезеңнен сыр шертеді.




Суретте: Ортада әкем, сол жағында Құлбағила анамыз, оң жағында Кташев Дулат ағамыздың анасы. Сурет 1947 жылы түсірілген.

Осыдан қаншама жыл бұрын жазылған осындай хат авторларының бірі - Ұлы Отан соғысының ардагері, менің жан әкем – Ниязов Дүйсен. Сонау 1945 жылы наурыздың 26 жұлдызында жазған хаты қаншама сыр шертеді. Ағасы Сүйіндіков Шығанбай мен оның жары Мафтухаға жазған хатында елге, туған-туыс, досқа деген сағынышымен қатар, жеңісті күнге деген құлшынысын, сенімін айтады. Мұның өзі ерлік емес пе?! Әкем Ниязов Дүйсен 1917 жылы ауданымыздың Аймақ селолық округіне қарасты Ортақ ауылында дүниеге келген. 1938 жылғы армия қатарына шақырылған. Ол алғашқыда Совет-



Әкемнің госпитальдан Шығанбай ағасына жазған хаты (23.03.1945 ж.)



фин соғысына қатысады. Ұлы Отан соғысы басталғаннан 1945 жылға дейін майдан даласында болады. 1945 жылы наурыз айында қатты жараланып, Грансфальдо қаласында госпитальде жатқанын кейін білдік. Жеңіс күнін әкем Берлин қаласында қарсы алып, 1946 жылы күзде ғана елге қайтқан. Ұлы Отан соғысынан кейінгі бейбіт өмірде әкем еңбек етіп, еліне елеулі азамат болды. Ұлы Отан соғысының жүрекке салған жарасы жазылмады десе де болады. Өйткені сол соғыстың зардабынан 1951 жылы күзде әкем өмірден озды. Әке, сенің ерлік істерің, шыдамдылығың, қайсарлығың жүрегімізде мәңгі сақталады. Әке, сен мен үшін нағыз батырсың!

Қызы: Халима Ниязова, білім беру саласының ардагері.

## 23 МАУСЫМ – ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫ КҮНІ

Ел тыныштығы мен қоғам қауіпсіздігін сақтауда сауысқандай сақ, қырандай қырағылық танытатын полицейлерге қандай құрмет көрсетілсе де артық емес. Аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері де түрлі оқыс оқиғаларда өз шеберліктерін танытып, ерліктерімен көзге түсуде. Бұл полиция қызметкерлерінің жұмыс бабында кездескен жанкешті оқиғалары өте көп. Аудан тәртіп сақшылары қоғамдағы құқықтық тәртіпті, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде аянбай еңбек атқаруда.

Қазақстан Республикасы Полициясының құрылғанына 30 жыл толуына орай аудандық мәдениет Үйінде салтанатты іс-шара өткен болатын. Мерекелік іс-шара барысында қызмет бабында өз өмірін құрбан еткен полиция қызметкерлерін жиналған барша халық бір минут үнсіздікпен еске алды. Мерекелік іс-шараға аудан әкімі Р.Ә.Аңбаев қатысып, тәртіп сақшыларын төл мерекелерімен құттықтап, ақ тілегін жолдады. Тайынша ауданының полиция бөлімінің бастығы Н.Ж. Ақтанов сөз кезегінде барлық полиция қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтады. Салтанатты кеште қызметтік міндеттерін адал атқарып, жұмыста жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген бірқатар полиция қызметкерлері мен бөлімнің басқа да мамандары жоғары марапатқа ие болды. Мерекелік іс – шара ән-жырға ұласты.

ҚАЗАҚСТАН  
ПОЛИЦИЯСЫНА



# САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ

**НҰРЫШТЕГІ АЙДАРХАН  
СЫЗДЫҚҰЛЫ  
(1939-2011)**



Анамызға асыл жар, өзімізге асқар таудай болған әкеміз бұл жалған дүниеден өткелі 11 жыл да зымырап өтті... Өмірдің заңдылығы мен Алланың жазғанына не айтарымыз бар? Барлығын қабылдаймыз, сонда да жүрегіміздің бір бұрышы әрқашан әкемізде...

\* \* \* \* \*

Еркелегім келеді жас балаша,  
Мойныңызға асылып, арқаңызға,  
Қанша жасқа келсем де, есейсем де,  
Мәңгі сәби, баламыз алдыңызда.

Жан әкешім, қамқорына алсын бір АЛЛА,  
Жатқан жерің жұмсақ, жәйлі болсын деп,  
Дұға жасап, таратамыз садақа,  
Раббымның панасында болсын тек.

Біздің әке жақсы адам,  
Арам жерді, ылас жерді баспаған.  
Бісмилләсіз ас-судан дәм татпаған,  
Жүрегінде АЛЛА сөзін сақтаған .

Сенің күлкің, асыл сөзің қандай көркем, жан әке,  
Сағынышым басылмады қанша жылдар өтсе де.  
Жыламаймын, жоқ, еске аламын кезеңді,  
Сауапты ісің еселенсін деп өзіңде.

Шашымнан иіскеп,  
Ыстық алақаныңмен маңдайымнан сипадың,  
Сәуленді төгіп,  
Құшағыңа қатты-қатты қысқаның,  
Бәрі есімде, кеше ғана болғандай,  
Сен көрсеткен сара жолды ұстадым.

Жақсы көрем, жақсы көрем өзіңді,  
Жәннәтта көрсем деймін өзіңді,  
Кәусәр судан ішкізіп өз қолыммен,  
Жұпар матамен сүртсем деймін теріңді.  
Әмин!


Жаныңыз жәнәттә болсын, Жан Әке!

**Еске алушы жары, қыздары,  
немерелері, бауырлары.**

# Туған тілдің жаршысы

Бүгінгі таңда Тайынша қаласының тұрғыны Нұралина Гүл Жамашқызы 16 жыл аудандық «Тайынша таңы» газетіне басшылық жасап келеді. Ол туған тілдің, мемлекеттік тілдің жаршысы ретінде газет бетіндегі негізгі өзекті мәселе – қазақ тілінің тағдыры екенін толық сезінеді. Аудан көлемінде мемлекеттік тілдің жоғары деңгейде дамып, өркендеуіне жол салушы да осы басылым.

Ана тіліміздің бар бояуымен, сырлы сазымен сақталып қалуы Ұлы Мағжан, Сәбиттердің ұлы бастауы десек, бүгінгі таңда сол бастаманы жалғастыруда ерен еңбек атқарып жүрген журналистердің бірі – Гүл Жамашқызы. «Тайынша таңы» газеті аудан көлеміндегі қазақтың албырт жасы мен көнекөз қариясының мәңгілік жанашыры болып қалатынына күмәнім жоқ. Соңғы 16 жыл қазақ тілінде шыққан газеттің бір белесі дер едім. Газетке деген жанашырлығы, мақалаларының стилі, мазмұны мен көтерілген тақырыптары, мақаладағы кейіпкерлерді сомдауы, мақаланың ең негізгі түйіні – журналистің шығармашылықтағы жарық жұлдызы. Өңіріміздің айнасы «Тайынша таңы» газеті нағыз ұлтжанашырының басшылығында. Газеттің әр санында салмақты мәселелер көтеріліп мазмұнды мақалалар жарық көруде. Өңіріміздегі халықтар арасындағы ынтымақ-бірлік, жастар мәселесі мен ауданның әлеуметтік жағдайы газеттің негізгі тақырыбына айналып отыр. Газеттің таралымы да басшының назарынан тыс қалған емес. Газеттің басшысы, журналистің өсіп-өніп, өркендеуі осылай болды десек те, оның жұлдызды сәті әлі алда. Газеттің келешегі зор болады деп үміттенеміз. Мерекеніз құтты болсын, әріпте! Отбасыңызға береке-бірлік, өзіңізге қажымас қайрат тілеймін. Аяулы ана, ардақты әже, немерелеріңіздің қызық-қуанышына бөлене беріңіз! Құрметті ана, білікті басшы, Кәсіби мереке құтты болсын!



**28  
МАУСЫМ**

**БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ  
ҚҰРАЛДАРЫ  
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ**

**Сейсенбай ШАЙЗАДА,**  
журналист, Қарағанды қаласы.



## АҚПАРАТТЫҚ ЖАСТАР АВТОБУСЫ



ЖҚБ «Жастар салауатты өмір салты үшін» ҰЕҰ 2022 жылдың сәуір айынан бастап «Жастар арасындағы нашақорлық пен құқық бұзушылықтың алдын алу, NEET санатындағы жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыру және салауатты өмір салтын насихаттау шаралары» жобасын жүзеге асыруда. Жоба аясында «Ақпараттық автобус» мамыр айында өз жұмысын бастады – алдағы уақыттарда да келесі бағыттар бойынша негізгі жастар бағдарламаларын түсіндіреді: «Дипломмен ауылға» бағдарламасын түсіндіру, жастарға арналған «Жастар тәжірибесі», «Ұрпақтар келісімшарты», «Алғашқы жұмыс» бағдарламасын түсіндіру; жастардың қоғамдық ұйымдарын дамыту және әлеуметтік жобаларды, гранттарды жүзеге асыру; жастар кәсіпкерлігін дамыту (Жас кәсіпкер), АЖ, ЖШС құру тәртібі; жастар арасында жұмысшы мамандықтарын насихаттау, жастар нарығындағы ахуалдан хабардар ету - еңбек, жұмыс іздеу механизмі бойынша кеңестер мен түсіндірмелер;

қайта даярлау және кәсіптік оқыту мүмкіндігі туралы кеңестер;  
жастармен кездесу кезінде мәдени іс-шараларды ұйымдастыру;  
жастардың тұрғын үй мәселесін шешуге бағытталған мемлекеттік шаралар туралы хабардар ету. «Ақпараттық автобус» ақпараттық жастар автобусын ұйымдастыру аясында – жастардың негізгі бағдарламаларын түсіндіру мақсатында 2022 жылдың 21 маусымында Тайынша ауданында мамандармен, жастармен кездесу өтті.  
Жобажетекшісі: Грабарь Лидия мен жоба үйлестірушісі: Огаркова Еленаға кездесуге қатысушылардың алғыстары шексіз. Жаңа мүмкіндіктер, жаңалықтар жастарға әрқашан да керек! Шынымен де елімізде жастар үшін барлық мүмкіндіктер бар. Оқу, еңбек ету, өзіңнің сүйікті ісіңмен айналысу - жастар, өз қолдарыңызда. Жастар, тек қана Алға!

**Жанаргүл Мұратқызы, тілші.**

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.  
Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

**Директор -  
Бас редактор  
Гүл НҰРАЛИНА**



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 216. Таралымы: 1300.

**МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:**

Солтүстік Қазақстан облысы,  
Тайынша қаласы, Астана көшесі, 165-үй.  
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:  
8 (715-36) 2-36-96

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.